

ЛЕПТОСПИРОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ

ЛЕПТОСПИРОЗ – АДАМ МЕН ЖАНУАРҒА ОРТАҚ, ТАБИҒИ-ОШАҚТЫҚ, ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. БҰЛ АУРУДЫ LEPTOSPIRA INTERRGANS АТТЫ БАКТЕРИЯЛАР ТУДЫРАДЫ. АУРУ КӨБІНЕ ЖАЗДЫҢ СОҢЫ МЕН КҮЗ АЙЛАРЫНДА ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ, СЕБЕБІ БҰЛ УАҚЫТТА КЕМІРГІШТЕР БЕЛСЕНДІ БОЛАДЫ ЖӘНЕ СУ КӨЗДЕРІ ЖИІ ЛАСТАНАДЫ. ИНФЕКЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ – КЕМІРГІШТЕР, ҮЙ ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР (СИЫР, ШОШҚА, ИТ, ҚОЙ). ОЛАР ЗӘРІМЕН СЫРТТЫ ОРТАҒА ЛЕПТОСПИРАЛАРДЫ БӨЛІП ШЫҒАРАДЫ. АУРУ АДАМҒА: ЛАС СУМЕН ТОПЫРАҚ АРҚЫЛЫ (ЖАРА, СЫЗАТ АРҚЫЛЫ), ЛАСТАНҒАН СУДА ШОМЫЛҒАНДА, ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ҚАРАУ, МАЛ СОЮ, ТЕРІ БЫЛҒАРЫ ӨНДЕУ КЕЗІНДЕ, КЕМІРГІШТЕРДІҢ ЗӘРІМЕН ЛАСТАНҒАН АЗЫҚ НЕМЕСЕ СУ ІШКЕНДЕ ЖҰҒАДЫ.

Аурудың жасырын кезеңі 7–14 күнге дейін созылады. Алғашқы белгілері: дене қызуының көтерілуі; қалтырау, бас және бұлшық еттің қатты ауыруы; жүрек айну, құсу, тәбеттің жоғалуы; көздің ақ қабағы мен терінің сарғаюы; бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуы; кей жағдайда мұрыннан немесе қызыл иектен қан кетулер болуы мүмкін. Ауыр өткен жағдайда бүйрек жеткіліксіздігі, менингит, өкпе ісінуі сияқты асқынулар

дамуы мүмкін. Лептоспироз диагнозы арнайы зертханалық талдау нәтижесімен расталады. Наукастар жұқпалы аурулар ауруханасында емделеді. Емдеудің негізгі тәсілдері: антибиотиктер (пенициллин, доксициклин), дезинтоксикациялық және симптоматикалық терапия, ауыр жағдайларда – гемодиализ және қарқынды терапия.

Алдын алу шаралары: ашық және белгіленбеген су қоймаларында шомылмау;

кеміргіштермен күресті күшейту; мал шаруашылығында қорғаныс киімін пайдалану; су мен азықты таза, қорғалған жерде сақтау; тұрмыстық және шаруашылық суды міндетті түрде қайнатып ішу; мал мен итке профилактикалық вакцинация жүргізу.

Лептоспироз – тез дамитын және ағзаға ауыр зақым келтіретін ауру. Аурудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда өз бетімен емделмей, дәрігерге дереу қаралу қажет.

ТУЛЯРЕМИЯ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

ТУЛЯРЕМИЯ – АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАРҒА ОРТАҚ АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ОНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ – FRANCISELA TULARENSIS АТТЫ БАКТЕРИЯ. БҰЛ БАКТЕРИЯ АДАМ АҒЗАСЫНА ТЕРІ, ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДАРЫ НЕМЕСЕ АС ҚОРЫТУ ЖОЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ТҮСІП, АҒЗАНЫ УЛАНДЫРЫП, ЛИМФА ТҮЙІНДЕРІНІҢ ҚАБЫНУЫНА ӨКЕЛЕДІ.

Жұғу жолдары: ауру адамнан адамға жұқпайды. Негізгі жұғу көздері – жабайы кеміргіштер (егеуқұйрықтар, суырлар, қояндар), жәндіктер (кенелер, масалар), сондай-ақ ластанған су мен азық-түлік өнімдері. Инфекция көбіне табағи ошақтарда, егістік, орманды және өзен-көл маңында жұмыс істейтін адамдар арасында тіркеледі. Туляремияның жасырын кезеңі 3-7 еүнге созылады. Бастапқы белгілері – дене қызуының 39-40С-қа дейін көтерілу, қалтырау, әлсіздік, бұлшық еттің ауыруы, бас ауыруы және тәбеттің төмендеуі. Кейін лимфа түйіндері ұлғайып, ауырсыну байқалады. Аурудың түріне қарай теріде жара пайда болуы немесе көздің, тыныс жолдарының қабынуы мүмкін. Алдын алу шаралары: Табиғи ортада жүргенде (орманда, егістікте, аңшылықта) теріні жабатын киім кию, кенелерден қорғанатын құрал пайдалану. Кенелер мен масалардан

сақтану, денені және киімді үнемі тексеру. Шикі суды ішпеу, белгісіз су көздерінен су алмаған жөн. Жабайы жануарлармен тікелей қатынастан аулақ болу, олардың өлексесін ұстамау. Мал және ет өнімдерін толық термиялық өндеуден өткізу. Кеміргіштерге қарсы дератизациялық жұмыстарды жүйелі жүргізу. Ауыл шаруашылығы, аңшылық, тері өндеу, орман және балық шаруашылығы саласында жұмыс істейтіндер, сондай-ақ табиғи ортада жиі болатын адамдар (теологтар, далалық жұмысшылар) туляремия қаупі жоғары топқа жатады. Туляремия бойынша эпидемиологиялық және ветеринариялық бақылау шаралары тұрақты түрде жүргізіледі. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары табиғи ошақтарда кеміргіштерге қарсы дератизациялық жұмыстар, кенелерге қарсы дезинсекциялық өндеулер және ауруға күдікті жағдайларды зертханалық тексерулер арқылы бақылайды. Тулеремия – алдын алуға болатын, бірақ асқынған жағдайда ауыр өтетін ауру. Сондықтан жеке қорғаныс шараларды ұстанып, белгісіз жануарлармен қатынаспауға тырысыңыздар. Күдікті белгілер байқалса, өз бетіңізше емделмей, дәрігерге жүгініңіз. Денсаулығыңызды сақтау – өз қолыңызда!

Жарас БЕЛГІБАЕВ,

Маңғыстау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аса қауіпті инфекцияларды және туберкулезді бақылау бөлімінің бас маманы.

КЕЗ КЕЛГЕН БАЛА ОЙЫНШЫҚ АРҚЫЛЫ ЕСЕЙІП, ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТАДЫ. КӨБІНЕ, АТА-АНА БАЛАСЫНА БІР СӘТТІК ҚУАНЫШ СЫЙЛАУ ҮШІН САПАСЫНЫҢ СЫН КӨТЕРМЕЙТІНІН БІЛЕ ТҰРА, МӘН БЕРМЕЙДІ ДЕ САТЫП АЛЫП БЕРЕДІ. ОЙЫНШЫҚТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН САПАСЫНА АСА МӘН БЕРЕ БЕРМЕЙДІ. ДҮКЕН СӨРЕЛЕРІНДЕ ЖАЙҒАСҚАН ҚЫЗЫЛДЫ-ЖАСЫЛДЫ ОЙЫНШЫҚТАР КӨЗ СҮРІНДІРГЕНІМЕН, ОЛАРДЫҢ САПАСЫН НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ. ОЙЛАНБАСТАН ТҮРЛІ ОЙЫНШЫҚТАРДЫ САТЫП АЛҒАН АТА-АНА БАЛАЛАРҒА ҚАЛАЙ ҚАУІП ТӨНДІРГЕНІН ДЕ СЕЗІНБЕЙ ҚАЛУЫ МҮМКІН. ОЙЫНШЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІРІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕДІ.

БАЛАЛАР ОЙЫНШЫҒЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Әрбір ата-ана үшін бала денсаулығы бәрінен де маңызды екендігі анық. Балаларын қуанту үшін ата-ана барынша тырысады және ол үшін көбіне ойыншық алып беріп жатады. Осы тұста туындайтын сұрақ: сіз сатып алған ойыншықтың баланыз үшін қауіпсіз екендігіне көз жеткіздіңіз бе? Өкінішке орай, көбі «жоқ» деп жауап берер еді. Себебі, ата-аналар кейбір ойыншықтардың бала денсаулығына зиян әкелетіндігін, тіпті ойыншықтан улану жағдайлары да болатындығын біле бермейді. Балаға ойыншық тандау – барынша ұқыптылықты, жауапкершілікті талап ететін жағдай. Балалар ойыншықтарын сатып аларда оның иісіне, түріне, боялуына мән беру керек. Өткір, жағымсыз, бөтен иіс, майысу, үшкір қырлары, қылаулары болмауы керек. Сатып аларда оны оңай тексеруге болады, ойыншықты ылғалды сүлгімен немесе саусағыңызбен сүртіп көріңіз, егер сүлгі немесе саусағыңызға бояу жағылса, онда мұндай ойыншықты сатып алмаған жөн.

Сонымен қатар балалар ойыншықтарының таңбалануында келесі мәліметтер болуы қажет:

- ойыншықтың атауы, өндіруші елі, жасалған жері;
- өндірушінің мекен-жайы, импортері, олармен байланысу сымтетігі;
- өндірушінің тауар белгісі;
- баланың жас мөлшеріне сәйкес ойыншығы және пиктограммасы, негізгі құрастырғыш материалы (3 жасқа дейінгі балалар үшін) (қажеттілігіне сай);
- ойыншық күтімі (қажеттілігіне сай);
- шығарылу күні (айы, жылы), сақтау мерзімі, сақталу жолы (қажеттілігіне сай).

Сатылымға шығар алдында ойыншықтар «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 008/2011 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарымен сәйкестендірілуі керек. Ойыншықтарды сатып алар кезде білу қажет? Ойыншық сатып аларда арнайы дүкендерден сапалы әрі сәйкестігін растайтын құжаты бар, арнайы тексерістен өткен ойыншықтарды сатып алғандарыңыз жөн. Егер де сыртында таңбалануы толық жазылмаса, сатушыдан ақпарат алуға болады және сатушы сізге тауар туралы толық, әрі нақты ақпаратты беруге міндетті. Бұл ақпарат сіздің баланыздың денсаулық жағдайына тікелей байланысты болады. Осы ақпараттың бәрімен таныса отырып, сапалы әрі қауіпсіз тауар алып жатқандығыңызға сенімді боласыз. Сауатты тұтынушы сапалы және денсаулыққа зияны жоқ тауарларды тандайды.

Тілекжан БЕРІКҚЫЗЫ,

Білім беру және тәрбиелеу объектілерін бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

30.05.2013 ж. Б.Базарбаев атына берілген №2/6142 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өзенмұнайгаз» АҚ қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. «МО УУЭН 150 адамға арналған қорғаныс құрылысын салу» және ҚОҚ бөлімі. «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары». Тыңдаулар 2025 жыл 8 желтоқсан сағат 11:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік бөлімшесі, 2-қабат, Жоңғаренц-зал. Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/85952145941?pwd=enTHZjdjClBUceOUZNB9NjZUxLHhZDLB.1> Конференция идентификаторы: 859 5214 5941 Кіру коды: NM8gJVB Тұтынушы: «Өзенмұнайгаз» АҚ, Тел.: +7 (729) 346-3110, БСН: 120240020997. Жобаны әзірлеуші: ЖК «Саркулова С.К.», Ақтау қаласы 17-20, 20-кеңсе, телефон: 8 701 484 80 05. Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсста. Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 8 701 484 80 05. Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

«ДУМАН ЛОМБАРД» ЖШС кепілдікке салынған мүліктің сауда-саттығын хабарлайды. Уақыты, мекен-жайы: 25.11.2025 ж., с/а. 09.00. 11-ш/а, 39-үй, 2-пәтер. Сауда-саттық өткізу әдісі: ағылшын.

Бұл бос орын сіздің

ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН:20-48-42